

СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Аннотация. Бұл мақалада жалпы, математикалық – функционалды сауаттылықтың маңыздылығы, оқушылардың математикалық сауаттылығын арттыру мақсатында сыныптан тыс жұмыстың түрі, формалары, әдіс-тәсілдері көрсетілген. Оқушылармен тәжірибеде іске асырылған жұмыс түрлері қарастырылған.

Кілт сөздер: математикалық сауаттылық, функционалды сауаттылық, есеп, модель, шығармашылық, мектеп, оқушы.

Қазіргі таңдағы еліміздегі өзгерістер, тұрақты дамудың жаңа стратегиялық бағыттары және қоғамның ашықтығы, оның жедел ақпараттануы, қарқындылығы білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті.

Оқушылардың мектепте алған білімдері мен тәжірибелерін өмірде қолдана ала ма? - деген сұрақ төңірегінде көптеген мақсаттар алға қойылды. Қазіргі таңда оқушылардың білім жетістіктерін зерттеу негізгі үш бағыт бойынша жүзеге асырылады: математикалық сауаттылық, жаратылыстану сауаттылығы, оқу сауаттылығы.

Еліміздің қазіргі таңдағы білім беру жүйесінің басты мақсаты құзыретті, функционалды сауатты тұлға қалыптастыру болып табылады.

Бұл мақсатқа жету үшін жанартылған мазмұнды оқу бағдарламаларының негізгі мақсаты оқушылардың алған теориялық білімдерін практикада қолдану дағдыларын қалыптастыруға негізделген болуы керек.

Бүгінгі күн талабына сай жан-жақты дамыған, белсенді, өмірге талпынысы, қызығушылығы бар адамды мектеп табалдырығынан дайындап шығарудың ең бір тиімді тәсілі ол – оқытудағы математикалық сауаттылық. [3,17 б]

Математикалық сауаттылық – математиканың әлемдегі рөлін анықтау және түсіну, әр түрлі формада берілген сандық ақпараттарды оқу, талдау, түсіндіріп беру, дұрыс негізделген математикалық пайымдаулар айту, есептерді шығарудың тиімді тәсілдерін табу, орындау, өзін-өзі тексеру, өмірмен байланыстыру, математикалық білімді өмірлік жағдаяттарда кездесетін түрлі мәселелерді шешуде еркін қолдану, математикалық модель құрастыру, қатынастарды анықтау, шынайы өмірде пайда болған мәселелерді шешу үшін математиканы дәлме-дәл қолдану қабілеттілігі.

Міне, осы қабілеттілікті оқушы бойына сіңіру бүгінгі мұғалімнің басты міндеті.

Жалпы, математикадан сыныптан тыс жұмыс оқу процесінің құрамды бөлігі, сабақтағы жұмыстардың жалғасы іспеттес. Сыныптан тыс жұмыстың күнделікті сабақтан айырмашылығы еріктілік принципіне құрылады. Мазмұны негізгі математика курсына толықтырушы болып табылады.

Мақсаты: математикадан оқушылардың шығармашылық қызметін қамтамасыз ететін сыныптан тыс жұмыстар өткізудің мазмұнын анықтап, оның тәжірибеде іске асырылған әдістемелік жолдарын көрсету

Міндеттері:

- математиканың сыныптан тыс жұмыстарының тиімді түрлерін арқылы оқушылардың практикалық дағдылары мен білімдерін тереңдете түсу;
- логикалық ойлауды, тапқырлықты, математикалық қырағылықты дамыту, неғұрлым қабілетті және дарынды балаларды таныта білу;
- тәртіпке, ұйымшылдыққа, табандылыққа, еңбекке баулу.

Күтілетін нәтиже

Аталған мақсат, міндеттерді практикада тиімді қолдана отырып, іске асыратын болсақ, онда бастауыш сынып оқушыларының сыныптан тыс жұмыстар арқылы қызығушылықтары мен математикалық сауаттылықтары артады.

Математикалық сауаттылық сыныптан тыс жұмыстардың қандай түрі және формасында жүзеге асырылады? Кестедегі берілген формалардың ішінен осы жұмыс түрлеріне белгілі уақыт бөлінген бе? Күнделікті сабақтармен қоса бастауыш сынып оқушысының жүктемесіне әсері қандай? деген сұрақтар, әрине туындауы мүмкін. Бұл мәселені әрбір мұғалім өзінің кәсіби шеберлігіне байланысты шеше алады деп ойлаймын (1-сурет).



1-сурет. Математикадан сыныптан тыс жұмыстың түрлері.

2022-2023 оқу жылына арналған ЭНХ- та орта білім берудің үлгілік оқу жоспарының вариативті компоненті сағаттарын жүзеге асыру бойынша ұсыныстардағы 1 сағат осы математикалық сауаттылықты, математикалық сөйлеуді дамытуға бағытталып отырғандығы да қуантарлық жай. Осы сағатты мұғалім өзіне тиімді пайдалана алады. Себебі, кез-келген іс-шараны өткізу үшін әрине оған уақыт, өткізілетін орын қажет. [2,93 б]

Енді тәжірибеде іске асырылған жұмыстарға тоқталар болсақ. Қарағанды облысы білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығы әр жылдары оқушылардың түрлі деңгейде дамуына үлесі зор педагогикалық жобаларды жоспарлы түрде бекітіп, жұмыс жасап, қорытындылайды. Сондай жобалардың бірі математика пәнінен өткен «Біздің айналамыздағы математика» жобасы. Жобаны іске асыру мақсатында өткен облыстық семинарда 2 сынып оқушыларымен «Білім пирамидасы» атты сыныптан тыс танымдық іскерлік ойынның әдістемелік әзірлемесі жасалып, өткізілді. Сыныптан тыс шарада келесідегідей әдіс тәсілдер қолданылды. Атап айтқанда, жеке, топтық жұмыстар, белсенді оқыту әдістері, шығармашылық жұмыс, виртуалды байланыс.

Оқушылардың қызығушылықтарын ояту мақсатында 5 бөліктен тұратын көлемді пирамиданың моделі жасалды. Оқушылар пирамиданың төменгі бөлігінен бастап, әр кезең бойынша тапсырмаларды орындай отырып, толық фигураны құрастырып шығарды.

Мысалы, 1-кезеңде оқушылардың қызығушылығын ояту мақсатында 10 сұрақ оқылды, нақты әрі жылдам жауаптар алынды.

2- кезең тапсырмасында цифrogramманы шешті. Шарты: Берілген өрнектің мәніне сәйкес әріптерді дұрыс орналастырса, ертегінің аты шығады.

3-кезең тапсырмасы. «Жанды сұрақтар» деп аталды. Онда видеоқоңырау арқылы ата-аналар виртуалды байланысқа шығып, оқушыларға келесідегідей логикалық есептер оқыды.

1- есеп. Аулада ит пен тауықтар жүр. Барлығының аяғы 10. Аулада қанша ит, қанша тауықтар жүр? (1 ит, 3 тауық)

2-есеп. Анасы балаларына 8 кәмпиттен берді. Кешке үлкен баласында 3 кәмпит, ал кіші баласында 1 кәмпит қалды. Кәмпитті кім көп жеді? (Үлкен баласы 5 кәмпит, кіші баласы 7 кәмпит жеді. Кәмпитті кіші баласы көп жеді.)

3- есеп. Перизат өзен жағасында қыдырып жүріп, 4 үйректі, 2 қазды, 1 қоңызды, 4 көбелекті және көршінің итін көрді. Перизат барлығы неше құс көрді? (6 құсты көрді). Оқушылар жауабын тауып айтты.

4-кезең тапсырмасында топтық жұмыс арқылы әр топқа 3, 5, 100 цифрлары көрсетілді. Әр топ сол санға байланысты жұмбақ, мақал немесе жаңылтпаш айтты. Бұл әдіс-тәсіл арқылы оқушылар математиканың тіл, әдебиет саласында да қажет екендігіне көз жеткізді.

Оқушылар үшін ең қызықты және практикалық кезең 5-кезең тапсырмалары болды.

Ол «Математика және өнер» деп аталды. Оқушылар математиканың өнерде де қажеттілігін практикалық жұмыс орындау арқылы дәлелдей білді. Оқушылардың алдына конус, цилиндрдің жазбалары- шаблондар берілді. Олар сол шаблондарды қарап, ой зерделерінен өткізіп, қандай бұйым жасап шығаруға болатындығын ақылдаса отырып шешті. Қию, жапсыру жұмыстарын жасай отырып, конус пішінді сәукеле, тақия моделін жасап шығарды. Оны тіпті, әр түрлі ою-өрнектермен әшекейлеу жұмыстарын да орындады. Осы тұста оқушылардың бұйымды эстетикалық тұрғыда жасап, керемет әсер алғандықтары көрінді.

Іс-шараның соңында рефлексия жасалып, қандай жұмыс, не ұнағандары ортаға салынып, оқушыларға «Білім пирамидасының» ең биік шыңдарынан көріне берулеріне тілек айтылды (2-сурет).



2-сурет. Рефлексия

Белгілі педагог В.А.Сухомлинскийдің басқаруындағы мектеп тәжірибесі көрсеткендей, оқушыларды еліктетіп, жігерлендірмейінше, оқу мен тәрбиенің өз мәнінде болуы мүмкін емес. Міне, сондықтан да сабақ үстінде іздену мәселесін міндет етіп қойып, оны шешуде түрлі әдіс- тәсілдерді пайдалансақ, сыныптан тыс жұмыстар арқылы да оқушылардың математикалық сауаттылықтарын арттыруға жол ашылады.

Қорыта келгенде, бастауыш мектеп оқушыларын оқыту мен тәрбиелеу үрдісіндегі оқушылардың алған білімдерін өмірде, тұрмыс- тіршілікте қолдана алуына бағытталуы - білімнің білікке, біліктің қолдана білуге ұласуының бірден-бір кепілі болып табылады, яғни мектеп оқушыларының математикалық сауаттылығы оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамытумен қатар, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз етеді.

Әдебиеттер:

1. Глазырина Л.Л. Математика пәні бойынша бастауыш сынып оқушыларының логикалық және есептеу дағдыларын дамытуға арналған тапсырмалар жинағы. Көкшетау. «Келешек-2030» баспасы. 2010 ж.
2. «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы». Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан: Б.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022.
3. Математикадан дидактикалық ойындар және қызықты жаттығулар. Атамұра. 1998 ж.
4. Бастауыш мектепке арналған тестілер жинағы. Астана, 2002 ж.

Жунусова Л.К.

«№2 лицейі» КММ, Қарағанды қ.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРА ОТЫРЫП ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫНА ҚАЛАЙ ҚОЛ ЖЕТКІЗУГЕ БОЛАДЫ

Аннотация. Мақалада тұтас емес мәтіндер арқылы баланың тілін дамыту қазақ тілді және қазақ тілді емес мектеп оқушылары үшін өте тиімді стратегиясы қарастырылады.

Кілт сөздер: тұтас емес мәтін, функционалдық сауаттылық, оқу сауаттылығы.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде оқушылардың танымдық құндылықтары жоғары деңгейде дамиды: дүниетанымы, ойлауы, көзқарасы, жалпыадамзаттық құндылықтары мен зияткерлігін қалыптастыруда тіл мен әдебиеттің атқаратын ролі өте жоғары. Осы қасиеттерді дамытуда мұғалім оқушыға қолайлы жағдай жасайды. Білім алушылар әр сыныпта оқу мақсаттарына сай түрлі стильдегі мәтіндермен жұмыс істей алулары қажет. Ойын жеткізе алуы, сұрақтарға жауап бере білуі, ресми құжаттарды толтыра алуы қажет. Оқушы өздігінен әртүрлі ресурстардан ақпаратты іріктеп ала алуы өте маңызды және бұл жұмыс оқушының жас ерекшелігіне сай жүргізіледі. Білім берудің спасын көтеру мақсатында сан түрлі әдіс-тәсіл, стратегияларды пайдалану уақыт талабы болып отыр.

Функционалдық сауаттылықты дамыту қазақ тілі пәнінде төрт дағды бойынша іске асырылады: тыңдалым, оқылм, жазылм, айтылым. Бағдарлама бойынша тілдік төрт дағдыны ұстана отырып, әр мұғалімнің өзіндік сабақ өткізу әдістемесі болуы шарт.